



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

мұңға толы қоңыр көзі бір сәтке болса да ұшқын шаша жадырайтын. Шайдан соң жеңгей ыдыс-аяқтарды жуып-сүртіп, дастарханды жинайды да жылы киініп алып қой күзетуге шығады». [1;376]. «Құмның табиғатын білмейтіндер: қар жұқа түседі, ауа райы жұмсақ болар деп ойлайды. Тіптен олай емес. Рас, таулы жерлердей мұнда боран соқпайды. Құм үстіндегі ауа бірқалыпты тымырсық тұрады. Көбіне зілдей ауыр соқыр тұман басып, төңіректе құлаққа ұрғандай тыныштық орнайды. Ал түнгі суығы буыннан ұрып, сай-сүйекті сырқыратады. Аяққұмның суығы-ай, дегенде зар еңіремейтін күзетші кемде-кем-ақ. Аяққұмның түнінен безердей болған адамның бірі Қамар жеңгей шығар...» [1;377] – деген тәрізді тұстарда баяндаушылық ракурстардың әр қалыпқа көшуге бейімдік көрсетуі шығармадағы лиризм нақыштарына экспрессивті-стилистикалық ұшқын қосатындай.

Осы әңгімесіндегі Қамар – біздің заманның «қаралы сұлулары». Өмір өксігі өзегін талдырған Қамар бойында адамдықтың алапат қуаты жатыр. Жазушы шеберлігі «кебенек киген келеді» деп жұбаныш іздеп, қасірет қамауында ғұмыр кешкен осынау қаралы жанның тұрлаусыз тағдыр алдындағы берік бейнесін марқұм Смағұл шал, Мақсұт қарт, Салиха шешейлердің іс-әрекеттері арқылы түйіндейді. Ел басына күн туған ереулі кезде ауыл советбасқарған Смағұл марқұм да, аңқылдаған ақкөңіл Мақсұт қарт та, бірде көлдей, бірде шөлдей Салиха шешей де Қамарға күйеуінің қазасын естіртеуге тәуекел ете алмайды. Олардың орнында сіз де сөйтер едіңіз. Жазушы характер қасиетін танытар қимыл-әрекет, сезім иірімдерімен психологиялық сәттер арқылы осыған сендіреді. Әңгімеде шындық шеңберінен шашау шығып тұрған бірде-бір деталь жоқ, өзімізге көптен таныс, қарапайым қазақы жандардың тіршілік кешуі. [1;6]

Қорыта айтқанда, балалық шағы соғыс жылдарының ауыр күндеріне тап келген Сайын Мұратбеков көңіл таразысынан өткізген, алыста қалған бала шағының жүрек сыздатар мұңды елесін жадында қайта жаңғыртып, көркем туынды етуі – оның творчествосындағы басты тақырыптардың бірі. Бүгінгі қазақ прозасының көшбастаушыларының бірі, уақыт мінезімен, замана танысымен, өзі туған сайын дала, асқар тауларымен азаматтық үндестік таба білген кемел суреткер, ұлттық психология мен тарихи болмыстың ең нәзік, ең терең, ең күрделі қасиеттерін исі адамзатқа тән қадір-қасиеттермен үндестіріп айта білген.

Қолданылған әдебиет

1. С.Мұратбеков. Екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1991. Т.1: Повестер, әңгімелер. – 464-бет.
2. Б.Майтанов. Қаһарманның рухани әлемі: Зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1987. – 232 бет.

ОӘК 821.514

ТУЫНДЫНЫҢ КӨРКЕМДІК БОЛМЫСЫ (С.Шаймерденовтің «Ит ашуы»)

Орынжай Көркем

Botakan_12.08@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
филология факультетінің 2 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Қ.М.Байтанасова

Көркем шығарма - автордың ішкі ойы мен тұжырымын, түйсігі мен сезім – толғаныстарын идеялық – көркемдік тұрғыдан танытатын, стильдік шеберлігін айқындайтын туынды. Ал, қаһарман – автордың идеялық мұрат – мақсатын шығарма мазмұнында жүзеге асырушы және сол жолда тынымсыз әрекет етуші көркем тұлға [1.96]. Қаһарман бүкіл көркем шығарманың көркемдік, адамгершілік, тәрбиелік мән – мазмұнын танытушы рөлін атқара келіп, оның ең басты ерекшелігі – *авторлық идеяны жеткізушілігі* болып табылады. «Қаһарман оқиғаларды өткізетін стержень емес, тип те, характер де, маска да емес, ол –

идеяны сөзсіз жеткізуші. Міне, осы тұрғыдан келгенде ол – символдық фигура». Зерттеуші Л. Гинзбург бұл жерде кейіпкердің тип, характер ретіндегі негізгі мағынасынан гөрі автордың идеясын тікелей иеленуші екендігіне, автордың танытқысы келген ой – пікірі мен көзқарасын өз мойнына алушылық, өзінің іс – әрекеті мен адамдық характері негізінде жеткізушілік қабілетіне баса назар аударған. Ең бастысы – автор идеясын жеткізуші, позициясын танытушы символдық көркем тұлға. Сондықтан да нағыз қаһарман символдық мәнге ғана емес, автордың түпкі идеясы мен позициясына ие *көркем фигура* [1.97].

Идея – адам образы, немесе кез келген құбылыстың символдық бейнесі, яғни көркем бейне ұғымына өте жақын екендігін Карл Юнг та нақтылай түседі. Идея ұғымын образбен етене жақындығын көрсету үшін К.Юнг идеяның автор ойында, қиялында нақты образбен немесе белгілі бір көркем бейнелермен, суреттермен елес беретінін, *заттанатынын* айтып отыр. Тіпті, идеяны символ деп те ұғындырады. Өйткені автор психикасында пайда болған идея белгілі бір символдық бейнелер арқылы заттанып, нақты мәнге, тіпті белгілі бір *характерге* ие болатыны шындық [1.98].

Қазақ әдебиетінде де суреткерлер көркем шығарма мазмұнында нағыз адамдық бет – бейнесі бар кейіпкерлер жарата отырып, солардың бітім – болмысы, өмір тіршілігі арқылы айнымас авторлық идеяларын айқындады. Тіпті, тек өзіндік характерге ие адам образы ғана емес, тіршілік үшін адамнан бетер арпалысқан аң, құс, жан – жануарлар бейнелері арқылы да авторлық тұғыр – тұрғысынан анық бекітті. Демек, автор шығармашылық процесс ой – қиялында орныққан идеяны жанды тіршілік, адам образы немесе соған тең келерлік, К.Юнг айтқандай, **символдық бейнелер** (аң – құс, жан – жануарлар, мифологиялық кескіндер т.б.) арқылы шығармашылық арманындағы биік эстетикалық идеалын танытатын көркем туынды тудыра алғаны ақиқат [1.99].

Автордың *дара индивидуалды танымын* ой – пікірін әйгілейтін айрықша жаратылған қаһарман мен кейіпкерлер қазақ жазушылары туындыларында да көптеп кездеседі. Ал нақты 1980-2000 жылдар ішінде көркем шығарма мазмұнында авторлардың айрықша эстетикалық дүниетанымы мен адамдар тіршілігін жан – жануарлар әлемімен қабыстыра отырып, көркемдік фантазиясына арқау етіп, күрделі қаһарман психологиясын жаратқаны белгілі [1.100]. Мәселен, жазушы Сафуан Шаймерденовтің «Ит ашуы» шығармасындағы қаһарман табиғатына тоқталғанда, біз тек адам образы ғана емес, иттің көркем кейіпкерге тән бейнелері де автор идеясын, позициясын, шығармашылық тұлғасын айқындауда маңызды рөл атқарғанына көз жеткіземіз. Тіпті автордың түпкі идеясы адамдар тіршілігін символдық бейнелермен тұспалдау екенін немесе хайуан өмірімен салыстыра бейнелеу, ал кейде адамның соншалық қажыр – қайраты мен кек қуудағы тағыдан да асып түскен шексіз өлермендігін де айқындау мақсатын ұғамыз.

Марғау – өте текті ит. Оның арғы атасы *өте ірі, өте қарулы, бөтенге елікпейтін, әрі ашушаң, әрі қабаған, әжет те төзімді ит моңғол овчаркасы* болса, енесі *күш, ірілік, сұлулық бойына біткен, жүні тықыр, түбімі жоқ король доги* болатын. Иесінен басқа адамның қолынан ас ішпеуі, жерде жатқан тамақты жемеуі Марғаудың асыл тектілігін аңғартса, бойына біткен күш – жігері оның ешкімнен тайсалмайтын өрлігін, ауыл иттерінің ешқайсысы бетіне қарсы келе алмайтындай тегеурінділігін көрсетеді. Көркем шығарма мазмұнынан кейіпкерді біз әуелі сыртқы бейнесі мен өзіне тән іс – әрекетінен танимыз. Ол кейіпкердің танылу немесе кейіпкермен танысу процесінің басты бастау көздері болып табылады. Өйткені **«қаһарманды тану** термині көбіне басқаша мағынада, яғни оның есімінің құпиясын білу, шыққан тегін анықтау, әлеуметтік жағдайы мен туыстық байланысын тану деген мағынада қолданылып жүр». Ал ақиқатына келсек, қаһарманды тану оның ішкі әлемін тану тұрғысынан, сол арқылы автордың ішкі әлеміне үңілу болып шығады [1.111].

Әрбір болып жатқан іс – әрекет, құбылысқа өзіндік көзқараспен қарап, іштей пайым жасау Марғаудың күнделікті дағдысына айналған. *«Лезбай осылай жылы сөйлеген соң, Марғау алдыңғы екі аяғын созады да, тұмсығын жерге төсеп, досына жылы, қасына сондай қаһар қызыл көзімен үй ішіндегі құбылысты тамыршыша қапысыз бағып жата береді»*

[3.91]. Осылай жатып алып ол тіпті иесінің өзі байқамаған адам бойындағы пасық мінездер мен пайдакүнемдік қасиеттерін бір көргеннен жазбай танып наразы болады. *«Дүниеде жанға теңгермейтін Лезбайға осылай сес көрсетіп, сыздана келетін осы бір мес қараны Марғау жек көреді. Қарғып тұрып, қара санға ауызды көме салар ма еді! «Сен өзің кіммен, қалай сөйлесіп тұрсың», - дегендей ырылдай бастады. Сол кезде Қарғабектің көзі ит көзіне түсті. Сондай ашулы, қып – қызыл, шошынарлық көз»* [3.95]. Міне, осылай жонын күжірейтіп, қарсылығын сыртқа шығару оның батылдығын, ешкімнен тайсалмайтын қайраттылығын танытады. *«Манадан бері үй ішін бақылап, қой шарбақтың түбінде үнсіз жатқан Марғау құшақтасып, шөнілдесе сүйісе берген Лезбай мен Қарғабекті көрді де, атып тұрып, үре бастады: «Ай, адамдар – ай, үшеу ара араларыңда не қатынас – сыр жатыр, жақсы білесіңдер ғой. Ұмсындық Лезбайдың некелі әйелі екені Қарғабекке қандай анық болса, сол әйелдің Қарғабекпен не қатынасы бары Лезбайға да сондай аян ғой. Ұрыс басқ ит болғанымен тамыр тереңде емес пе? Сол жайды біле тұрп, білмеген боласыңдар. Көре тұрып, көздеріңе жас алып, құшақтасасыңдар. Өстіп, жай көлгірсу немене керек осы?!» дегені болар ма?»* [3.183].

Марғау өзінің реніші мен күйініш – сүйініштерінің бәрін көзқарасы, іс – әрекеті мен қимыл – қозғалыстары, түр – әлпеті мен кескін-келбеті арқылы танытып, эмоциясын сыртқа шығарып отырады. Иесіне деген барлық кірбіндерін еріксіз жеткізеді. Иттің әр қимылын бағып отырып, жан – жүйең тебіреніп, оның көрген қорлығын өз басымыздан өткергендей болып, ыстығына күйіп, суығына төземіз. *«Бұрын асылып келіп үстіне асылатын Марғау қозғалар емес. Көкке қарап, әлдебір түсініксіз дыбыс шығарды. Итке ұқсап үргенге де, қасқырға ұқсап ұлығанға да ұқсамайды. Лезбай «кә-кәлеп» жақындай берді. Марғау кейін шегінді. Екі көзі қып – қызыл, қанталап кеткен. Алты ай қыс бойы қаңғыртып далаға тастап, жаман тонды күзеттіретіндей мен саған не жаздым деген ашу белгісі»* [3.138]. Бұл жерде иттің бұл әрекетін толықтай құптаймыз да. Өйткені Лезбайдың жасағандарының қасында Марғаудың оған көрсеткен адалдығы көл – көсір. Өз басын қатерге тіге отырып, қызметінен айнымау адам баласының да әрбірінің қолынан келе бермесі анық.

Марғаудың бойындағы ерекше қасиет – ішкі инстинкт жүйесі, яғни түйсік, ойлау қабілеті ерекше дамыған. Сырттай қарағанда көп жануардың бірі сияқты болғанымен шығармада өзінің ерекше саналылығымен көрінеді. Тіпті кей адам баласының бойынан табылмайтын қылықтар, мінез – құлықтар бір Марғаудың бойына бітіп, тұтастық тапқан. Сол арқылы қаламгер иттің өзгеше образын жасап шығарған. *«Кенет ит абалана үрді. Лезбай жан – жағына шошына қарады. ...Шоқытып төбеге шықса, Марғау Айған моласының басында тұр. Лезбай көзіне жас келіп қалды. Аттан қарғып түскен бойда итін құшақтады. «Мал мен құлқынның жайын ойлап жүріп, Айғанның осы жерде екенін де ұмытып кетіппін ғой тіпті!»* [3.131]. Айған бәйбіше өмірден озардың алдында сезімтал ит үш күн бойы тоқтамастан үріп шыққын еді.

Иесіне адал болу деген ұлы міндетін алға қойып, әсте естен шығарған емес. Сол жолда бар нәрсені құрбан етіп, аштыққа да, панасыздыққа да төзіп, қаншама қиындыққа төтеп береді. *«Өз орнында қимылсыз қалған Қырғын абалана үрді: «Мені тастап қайда барасың? Бірге болайық». Марғау да дұңқ – дұңқ етіп барады: «Қызмет бар. Дүниедегі ең қымбат адам Лезбайдың тонын күзетіп жатырмын!» - дегені»* [3.137].

Иттің бойындағы психологизм де оны барынша жақын түсінуге итермелейді. Марғаудың жан тебіреністері мен сезім иірімдерін сезінген сәтте көз алдымызда хайуан емес, саналы бір бейнені елестетеміз. *«Талай күндер аурумен, ең жақын деген адамдардың білместігінен, жат адамдардың немқұрайды салғырттығынан барып туған өлім қатерімен, сағыныш атты дертпен алысқан Марғау дәп қазір айтып жеткізе алмас бір тыныштықты – рахат – жан тыныштығында. Бір пенде түсініп жетпес ит көңілінің арғы бір терең түкпірінде туып, жұмұлы көзінің ұшпасынан секунд сайын мөлдіреп шыққан жас тамшысы кірпік астындағы қылшық ұштарымен дыбыссыз домалап, кілемге түсіп жатыр, түсіп жатыр...»* [3.173].

Адам баласынан Марғаудың айырмасы сөйлей алмауы ғана. Алайда автор бұл

кемшіліктің де орнын толтырған. Ол Марғаудың айтқысы келген ой – пікірін өз сөзімен жеткізіп отырады. *«Көңілін әке қайғысына алдырған Қанат оқыс бұрылып, итке қарады. Марғау тұмсығын жерге төсеп, көз қиығын ағалы інілі екеуіне кезек қадап, сұлық жатыр екен. Қантаттың көзмен көз түйіскенде ақырын қыңсылап белгі берді: «Көзімді ашқан күннен бері мен сендерге адал қызмет етіп келем ғой. Жеті күн бойы сен келер деп, не болмаса әкеңнің өзі келер деп тығылып жатып ем. Мына жарымжан күйімді көрмейсің бе, қалдырып кете көрмеңдер!» - деп жатқан секілденді жігітке. ...Әңгіме негізін ағайынды екеудің бет – әлпетінен аңғарған Марғау Қанатқа тура қарап үре бастады. «Алып кетпесең, қайтейін, тағдырдың салғанын көремін де. Алдыңнан жарылқасын!» - деген сияқты болып естілді Қанатқа» [3.151].*

«Марғаудың мазасы жоқ. Шарбақты айнала шауып қойларға қарап үрумен болды: айыр қалпақтың сөзіне сенбе. Біздің отардың қойларын міне, мен иісінен танып тұрмын, көзінен танып тұрмын. – Соны растағандай үріккен қой арасынан бірер саулық көзін таңырқай қадап, Марғауға жақындай бастады» [3.121].

«Ит ашуы» - қаламгердің иттің дара тұлғасын шебер сомдаған көрнекті туындысы. Шығармадағы ит образы мінсіз тип, себебі ол сырт сымбаты мен ішкі мінез-құлығы біткен көркем бейне. Жаратылысы өзгеше Марғау да үйінен алыстап, көңілдегі ренішін де өзімен бірге ала кетіп, адамдардан енді пайда жоқ екендігін ұғып, «Жақсы ит өлімтігін көрсетпейді» дегендей басы ауған жаққа кете барады. Ақыры өскен ортасынан, ыстық мекенінен опа таппасын түсінеді. Сөйтіп артына қайырылып қарамастан кете барады.

Әдеби туынды - адам танымының жемісі. Әдебиет те басқа өнер түрі секілді қоғамдық өмірдің барша қырларын қамтиды. Көркем шығарма - әр қаламгердің өзінше қалыптастырған көркем әлемі. Әдеби шығармада суреттелетін оқиға шындық өмірдің көркем көрінісі екендігі белгілі. Автор иттің әрекеті арқылы өмірдегі, адамдар арасындағы күрделі де қайшылықты оқиғалардан хабар береді.

Қолданылған әдебиет:

1. Оразбек М. Автор және шығармашылық процесс: Монография. – Алматы: Атамұра, 2003.
2. Шаймерденов С. Шығармалары, 2 – том. Алматы: Ан – Арыс, 2013.

ОӘК: 821.512.122-3.09

Т.ӘБДІКОВТЫҢ «ПАРАСАТ МАЙДАНЫ» ПОВЕСІНДЕГІ ПОСТМОДЕРНИЗМ ҚҰБЫЛЫСЫ

Тлеу Гульжаннат Канатжанкызы

t.gul05@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультеті, филология: қазақ тілі
мамандығының 2 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Серғазы Лилия

XX ғасырдың екінші жартысында модернизм ағымынан кейін пайда болған ірі құбылыс – постмодернизм. Ол – қазіргі әдебиеттің басты ағымы. Белгілі мәдениеттанушы Әуезхан Қодар: «Қазіргі жаһандану заманында барлық ықпалдардан ада жергілікті мәдениет беймүмкін. Әмбебап нарықтық, бүкіл өркениеттік байланыстар қалай дамыса, мәдениеттердің араласып, бір-біріне кірігуі де сонша дамыған. Жалпы, біздің дәуіріміз шектен тыс ақпараттануымен әйгілі. Міне, постмодернизм дегеніміз осы шектен тыс ақпараттанған адамзаттың мәдениеті. Қазіргі кезде постмодернизм мәдениетін мойындамауға болмайды дей отырып, постмодернизм дегеніміз не, ол біздің ұлттық мәдениетімізге қандай пайда әкеледі? деген сауалдарға постмодернизм ұлттық мәдениетке өте пайдалы нәрсе. Өйткені, қазіргі адамзат мәдениетіндегі аса өзекті бұл ағым орталықты,